



platonus

**Platonus v.5 –
«ААЖ Платонда
шығармашылық емтихан
тапсыруға өтініш
берушілерге арналған»
нұсқаулық**

Астана, 2023

Мазмұны

1. Мақсаттары	Ошибка! Закладка не определена.
2. Жалпы мәліметтер	3
3. Алғышарттар	Ошибка! Закладка не определена.
3.1. Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш беру	Ошибка! Закладка не определена.
3.1.1. Жеке деректерді толтыру	Ошибка! Закладка не определена.
3.1.2. Қажетті құжаттарды тіркеу	11
3.1.3. Байланыс деректерін енгізу	12
3.1.4. Талапкердің білімі туралы мәліметтерді толтыру	Ошибка! Закладка не определена.
3.1.5. Жеке жетістіктер туралы мәліметтерді толтыру	20
3.1.6 Өскери есепке алу туралы мәліметтерді толтыру	Ошибка! Закладка не определена.
3.1.7 Еңбек қызметі туралы мәліметтерді толтыру	23

1. Мақсаттары

Функционал "Платон" ААЖ талапкерлердің жеке карточкасын өз бетінше толтыру және шығармашылық емтихандар тапсыруға өтініш беру мүмкіндігіне арналған.

Модульдің функционалдық мүмкіндіктері:

- Жеке деректерді толтыру;
- Қажетті құжаттарды тіркеу;
- Байланыс деректерін енгізу;
- Талапкердің білімі туралы мәліметтерді толтыру;
- Жеке жетістіктер туралы мәліметтерді толтыру.

Жалпы мәліметтер

Әрбір қойындыда толтырылған деректер деректерді толтырудың барлық кезеңінде сақталады. Талапкерлерде мәліметтерді сақтау және құрылған есептік жазбадан кейінгі авторизациялау арқылы бірнеше кезеңмен өтініш беру мүмкіндігі бар. Барлық жолдарды толтыру міндеттілігі өтініш беруге әрекет жасаған кезде ғана тексеріледі.

Талапкер бірнеше өтінішке бір ЖСН арқылы тіркелген жағдайда, жүйе өтініш берушінің деректері бар бетті қайта жүктейді, тіркеу кезінде ол өтініштің басқа түрі үшін енгізген, тіркеудің бірінші бетіне енгізілген мәндерді өзгертеді (пошта, логин, құпиясөз, аты, тегі). Өтініш бетіне жүгінген кезде, жүйе беттің жоғарғы жағындағы тіркеу кезінде таңдалған мағынаны көрсететін "Өтініш түрі" сүзгісін көрсетеді. Бұрын толтырылған өтініштерді қараған жағдайда, жүйе соңғы берген өтінішті көрсетеді. Тізімде талапкер бұрын жүгінген өтініштердің түрлері көрсетіледі. Бұл сүзгідегі деректер өзгерген кезде жүйе талапкердің жеке картасының бетіндегі деректерді де өзгертеді.

Алғышарттар

Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш беру үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: Браузерді ашу (Google Chrome, Mozilla Firefox, Internet Explorer және т.б.).

1. Оқуға түсуге ниет білдірген ЖОО порталының мекенжайын іздеу қызметі арқылы табу.
2. Ашылған терезеде «Талапкерлерді тіркеу» сілтемесіне басу (**Ошибка! Источник ссылки не найден.**).

А	Қазақша	▼
ЖСН және құпия сөз		ЭЦҚ бойынша кіру
📄	ЖСН	
🔑	Құпия сөз	👁
Кіру		

Оқудан шығарылғандарға және түлектерге арналған
авторизация
Талапкерлерді тіркеу
Забыли пароль?

Сурет 1

3. Жаңа ашылған бетте жүйе интерфейсінің қажетті тілін таңдау.
4. Сіз түскіңіз келетін оқудың академиялық дәрежесін таңдау.
5. «Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш» түрін таңдау.
6. Тиісті нұсқау көрсетілген өрістерге ЖСН, аты, тегі, электрондық пошта мекен-жайын енгізу (Сурет 2).
7. Кіру кезінде әрқашан қолданылатын логин мен құпиясөзді ойлап табу және жазу.
8. Енгізілген деректердің дұрыстығын растау үшін құпиясөзді қайта енгізу.
9. Тюринг тестінен өту үшін құпия сөзді растау өрісінен кейін көрсетілген таңбаларды енгізу (CAPTCHA).
10. «Ережелер мен шарттар» сілтемесін шертіп, онлайн тіркеу ережелерімен және шарттарымен танысу (Сурет 2).

platonus

Қазақша

Бакалавриат

Шығармашылық емтихандарды тапсыру

ҚАЗАҚСТАН

ЖСН

Аты

Тегі

Электрондық поштаның адресі

Логин

Құпия сөз

Құпия сөзді растаңыз

BRIDGETTE

Сөзді енгізіңіз

☐ Талаптар мен ережелерді қабылдаймын
(талаптар мен ережелер)

ТІРКЕЛУ

Сурет 2

11. «Мен ережелер мен шарттарды қабылдаймын» өрісіне белгіше қою.
12. «Тіркелу» батырмасына басу.

1.1. Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш беру

Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш беру үшін келесі сауалнамалық деректерді толтыру қажет:

- Жеке деректер;
- Құжаттар;

- Байланыс нөмірлері;
- Білімі туралы мәліметтер;
- Жеке жетістіктері.

1.1.1. Жеке деректерді толтыру

Жеке деректер қойындысында толтыруға арналған бірнеше бөлім бар (Сурет 3 **Ошибка!**

Источник ссылки не найден.):

- Жеке ақпараттар;
- Туылған жері;
- Тіркелген жері;
- Тұрғылықты жері;
- Ата-анасы.

Сурет 3

1 қадам. Келесі деректерді енгізу арқылы жеке мәліметтерді толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Тегі	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжатқа немесе паспортқа сәйкес өз тегіңізді енгізу қажет.
2	Аты	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжатқа немесе паспортқа сәйкес өз атыңызды енгізу қажет.
3	Әкесінің аты	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжатқа немесе паспортқа сәйкес әкеңіздің атын енгізу қажет.
4	Тегі транслитпен	Толтыру үшін міндетті өріс. Тегіңізді латын

		әріптерімен енгізу керек.
5	Аты транслитпен	Толтыру үшін міндетті өріс. Атыңызды латын әріптерімен енгізу керек.
6	Туған күні, айы, жылы	Толтыру үшін қосымша жол. Туған күніңізді енгізу қажет.
7	ЖСН	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжат немесе төлқұжатқа сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу қажет.
8	Жынысы	Толтыру үшін міндетті өріс.
9	Ұлты	Толтыру үшін міндетті өріс.
10	Отбасылық жағдайы	Толтыру үшін міндетті өріс.
11	Азаматтығы	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжатқа немесе төлқұжатқа сәйкес азаматтығыңызды көрсету қажет.

2 қадам. Келесі деректерді енгізу арқылы туылған жер туралы мәліметтерді толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Туған елді мекені (като)	Толтыру үшін міндетті өріс. Сіз туған елді мекеннің атауын енгізу және жүйе ұсынатын тізімнен қажетті елді мекенді таңдауыңыз қажет.
2	Басқа елде дүниеге келген	Белгілеу үшін қосымша өріс. Егер сіз ҚР-нан басқа кез келген басқа елде туылған болсаңыз ғана белгі қойылады.
3	Мемлекет	Толтыру үшін қосымша жол. Тек ҚР аумағында туылмаған талапкерлер үшін толтырылады. Жүйе ұсынған тізімнен мемлекет таңдалуы керек.
4	Келген елді мекені	Толтыру үшін қосымша жол. Тек ҚР аумағында туылмаған талапкерлер үшін толтырылады.

3 қадам. Келесі деректерді енгізу арқылы тіркелген орны туралы ақпаратты толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Тіркелген елді мекені (като)	Толтыру үшін міндетті өріс. Сіз тіркелген елді мекеннің атауын енгізу және жүйе ұсынатын тізімнен қажетті елді мекенді таңдау қажет.
2	Тіркелген мекен-жайы	Толтыру үшін міндетті өріс. Қаланың атауын енгізбей-ақ тіркеу мекенжайын енгізу қажет.

4 қадам. Келесі деректерді енгізу арқылы тұрғылықты жер туралы мәліметтерді толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Тұратын елді мекені (като)	Толтыру үшін міндетті өріс. Сіз тұратын елді мекеннің атауын енгізу және жүйе ұсынатын тізімнен қажетті елді мекенді таңдау қажет.
2	Тұратын мекен-жайы	Толтыру үшін міндетті өріс. Қаланың атауын енгізбей-ақ тіркеу мекенжайын енгізу қажет.

5 қадам. "+" батырмасын басу арқылы ата-анаңыз / қамқоршыңыз туралы мәліметтерді қосу (Сурет 4 **Ошибка! Источник ссылки не найден.**).

Туылған жері

Туылған жері (като)*

☐ Басқа елде туылды

Тіркелген жері

Тіркелген жері (като)*

Тіркелген адресі*

Тұрғылықты жері

Тұрғылықты жері (като)*

Тұрғылықты адресі*

Ата-анасы

Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың аты-жөні



Сурет 4

6 қадам. Ашылған қалқымалы терезеде келесі деректерді енгізу арқылы ата-анаңыз/қамқоршыңыз туралы ақпаратты толтырыңыз (Сурет 5):

15:03 Ақпан 20 2022

Жіне мәліметтер

Жағарана

Туылған күні* 30-04-1997

ЖСН*

Жанаты*

Қызы*

Отбасы жағдайы*

Адамның*

Туылған жері

Туылған жері (като)*

☐ Басқа елде туылды

Тіркелген жері

Тіркелген жері (като)*

Тіркелген адресі*

Тұрғылықты жері

Тұрғылықты жері (като)*

Тұрғылықты адресі*

Ата-анасы

Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың аты-жөні

Ата-ана

Тегі*

Аты*

Әкесінің аты*

ЖСН*

Мекенжай*

Шетелдегі ұлты/әріптер*

Ұлы телефон* +7 (000) XXXXXXXX

Пошта*

Тұрғылықты жері (като)*

Жіне басын құлақандыратын құжат*

Жіне басын құлақандыратын құжаттың нөмірі*

Жіне тұрғыны құлақандыратын құжаттың берілген күні* 20-06-2022

Құлық берген мекенге*

Сурет 5

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Тегі	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-ананың немесе қамқоршының тегін енгізу қажет
2	Аты	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-ананың немесе қамқоршының атын енгізу қажет
3	Әкесінің аты	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-ананың немесе қамқоршының әкесінің атын енгізу қажет
4	ЖСН	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжаттан немесе паспорттан ата-ананың немесе қамқоршының жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу қажет
5	Мекен-жайы	Толтыру үшін міндетті өріс. Қаланың атауын енгізбей ата-ананың немесе қамқоршының тұрғылықты мекенжайын енгізу қажет
6	Телефон	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-ананың немесе қамқоршының мобильді нөмірін енгізу керек, осы өрісте көрсетілген мысалға назар аударыңыз
7	Пошта	Толтыру үшін қосымша жол. Ата-ананың немесе қамқоршының пошта жәшігінің мекен-жайын көрсету қажет (1 немесе бірнеше, үтір арқылы)
8	Тұрғылықты мекен-жайы (като)	Толтыру үшін қосымша жол. Ата-анасы не қамқоршысы тұратын елді мекеннің атауын енгізуді бастау және жүйе ұсынатын тізімнен қажетті елді мекенді таңдау қажет
9	Жеке басын куәландыратын құжат	Таңдау үшін қосымша өріс. Жүйе көрсететін құжаттар түрлерінің тізімінен егжей-тегжейлі мәліметтер бұдан әрі толтырылатын түрді таңдау қажет
10	Жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	Толтыру үшін қосымша жол. Ата-ананың немесе қамқоршының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін енгізу қажет
11	Жеке басын куәландыратын құжаттың берілу уақыты*	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-ананың немесе қамқоршының жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күнін енгізу қажет

12	Жеке басын куәландыратын құжатты берген мекеме	Толтыру үшін міндетті өріс.
13	Тапсырыс беруші ме	Белгілеу үшін қосымша өріс. Егер жүйеге қосылатын ата-ана немесе қамқоршы оқу ақысын төлейтін тұлға болса, белгіленеді
14	Жұмыс орны	Толтыру үшін міндетті өріс
15	Қызметі	Толтыру үшін міндетті өріс
16	Бас қамқоршы	Толтыру үшін қосымша жол. Қосылған адам Сіз үшін қамқоршы болған жағдайда ғана толтырылады
17	Туыстық дәрежесі *	Толтыру үшін міндетті өріс
18	Жанұядағы бала саны	Толтыру үшін қосымша жол. Сіздің отбасыңызда сізбен бірге қанша бала бар екенін көрсету керек

7 қадам. Барлық деректерді толтырғаннан кейін қалқымалы терезенің төменгі жағындағы "Қосу" түймесін басыңыз.

8 қадам. Суретті графикалық имитациялауға апарған кезде пайда болатын "фотосуретті жүктеу" деген жазуды басу арқылы профиль суретін тіркеңіз.

9 қадам. «Сақтау» түймесін басу арқылы деректерді сақтаңыз.

ЕСКЕРТУ

Талапкер туралы ақпаратты толтырудың кез-келген кезеңінде толтырылған деректерді жоғалтпау үшін өзгерістерді **сақтау керек** (Сурет 6 **Ошибка! Источник ссылки не найден.**). Деректерді сақтау енгізілген ақпаратты уақытша сақтайды. Шығармашылық емтихан тапсыруға өтінішті жіберу барлық міндетті жолдарды дұрыс толтырғаннан кейін орындалады.

Сурет 6

1.1.2. Қажетті құжаттарды жүктеу

Платон ААЖ-де жеке басын сәйкестендіру үшін "Құжаттар" қосымша бетін ашып, толтыру қажет (Сурет 7).

Сурет 7

1 қадам. Келесі деректерді енгізу:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Жеке басын куәландыратын құжат	Таңдау үшін міндетті өріс. Жүйе көрсететін құжаттар түрлерінің тізімінен егжей-тегжейлі мәліметтер бұдан әрі толтырылатын түрді таңдау қажет.
2	Жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін енгізу қажет.
3	Құжат сериясы	Толтыру үшін міндетті өріс.
4	Жеке басын куәландыратын құжаттың берілу уақыты	Толтыру үшін міндетті өріс. Жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күнін енгізу қажет.
5	Жеке басын куәландыратын құжатты берген мекеме	Толтыру үшін міндетті өріс.

2 қадам. Тиісті жазбаның жанындағы «файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы жеке басын куәландыратын құжаттың скан-көшірмесін тіркеу.

3 қадам. Тиісті жазбаның жанындағы "файлды жүктеу" түймесін басу арқылы 075 медициналық анықтаманың сканерленген көшірмесін тіркеңіз.

4 қадам. Тиісті жазбаның жанындағы "файлды жүктеу" түймесін басу арқылы флюорографияның сканерленген көшірмесін тіркеңіз.

5 қадам. Деректерді сақтау.

1.1.3. Байланыс телефондарын енгізу

Байланыс деректерін енгізу үшін «Байланыстар» қосымша бетіне өту керек (Сурет 9) және келесі деректерді толтырыңыз:

Сурет 8

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Үй телефоны	Толтыру үшін міндетті өріс. Ата-аналардың мобильді нөмірін енгізу қажет.
2	Телефон	Толтыру үшін міндетті өріс. Осы өрісте көрсетілген мысалға назар аудара отырып, мобильді нөміріңізді енгізу керек.
3	Пошта	Толтыру үшін міндетті өріс. Жүйе автоматты түрде осы өрісте Платон ААЖ-де тіркелген кезде пайдаланылған пошта жәшігінің мекенжайын көрсетеді. Қаласаңыз, басқа Пошта мекен-жайын көрсете аласыз
4	Сіздің ВКонтакте парақшаңыз	Толтыру үшін міндетті өріс.
5	Сіздің Facebook парақшаңыз	Толтыру үшін міндетті өріс.
6	Сіздің Instagram парақшаңыз	Толтыру үшін міндетті өріс.

1.1.4. Талапкердің білімі туралы мәліметтерді толтыру

"Білім туралы мәліметтер" қойындысында толтыруға арналған бірнеше бөлім бар (Сурет 9)
Ошибка! Источник ссылки не найден.Ошибка! Источник ссылки не найден.):

- Не бітірді;
- Қосымша ақпараттар.

Талапкер аяқтаған оқу орнын таңдауға байланысты жүйе толтыру үшін келесі бөлімдерді ұсынады:

- Мектепті бітірген талапкерлер «орта білім туралы Аттестат», «ҰБТ сертификаты бойынша деректер» бөлімдерін толтырады;
- Колледжді бітірген талапкерлер «Диплом бойынша деректер», «ҰБТ сертификаты бойынша деректер» бөлімдерін толтырады.

Сурет 9

1 қадам. Келесі мәліметтерді енгізу арқылы мектепті бітірген талапкерлер үшін оқу орны туралы ақпаратты толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Білім беру мекемесін бітірді	Таңдау үшін міндетті өріс. «Мектеп» мәнін таңдау керек.
2	Оқу орнын бітірген ел	Таңдау үшін міндетті өріс.
3.1	Оқу орнын бітірген орын	Таңдау үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР-да оқуды бітірген жағдайда толтырылады.
3.1.1	Елді мекен	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР-да оқуды бітірген жағдайда толтырылады. Оқу орны орналасқан елді мекеннің атауын енгізуді бастау және жүйе ұсынатын тізімнен қажетті елді мекенді таңдау қажет.
3.1.2	Білім беру орындарының атауы	Толтыру үшін міндетті өріс. Тізімнен сіз аяқтаған оқу орнының атауын табу керек. Егер қажетті оқу орны мекемелер тізімінде жоқ болса, «Басқа мекеме» мәнін таңдап, келесі жолға мекеме атауын қолмен енгізу керек.
3.1.2.1	Білім беру орындарының атауы	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды бітірген болсаңыз немесе сіздің оқу

		орныңыздың атауы жүйе ұсынған тізімде болмаса, қолмен толтырылады.
3.2	Білім беру бағдарламалары	Таңдау үшін міндетті өріс. Көрсетілген білім беру мекемесінде меңгерген мамандығыңызды көрсету қажет.
3.2.1	Білім беру мекемесінің мамандығы	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды аяқтаған болсаңыз, қолмен толтырылады.
3.2.2	Білім туралы құжаттың атауы	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды бітірген жағдайда толтырылады
3.2.3	Берілген күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды бітірген жағдайда толтырылады
3.2.4	Білімі туралы құжат	Жүктеу үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқып бітірген болсаңыз, «файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы білім туралы құжаттың скан-көшірмесін жүйеге жүктеу қажет.
3.2.5	Нострификация туралы куәлік нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды аяқтаған болсаңыз, қолмен толтырылады.
3.2.6	Нострификация туралы куәліктің күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз шетелде оқуды аяқтаған болсаңыз, қолмен толтырылады.

2 қадам. Келесі мәліметтерді енгізу арқылы мектепті бітірген талапкерлерге арналған «Орта білім туралы Аттестат» бөлімін толтыру:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Аттестат сериясы	Толтыру үшін міндетті өріс. Орта білім туралы аттестатта көрсетілген аттестат сериясын енгізу қажет.
2	Аттестат нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Орта білім туралы аттестатта көрсетілген аттестаттың нөмірін енгізу қажет.
3	Берілу күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Орта білім туралы аттестатта көрсетілген аттестатты беру күнін енгізу қажет.
4	Үздік аттестат	Егер сіз үздік аттестаттың иегері болсаңыз, белгіше қойылу керек.
5	Алтын белгі	Егер Сіз "Алтын белгі" белгісінің иегері болсаңыз, белгіше қойылу керек.

6	Аттестаттың орташа балы	Толтыру үшін міндетті өріс. Орта білім туралы аттестатта көрсетілген аттестаттың орташа балы көрсетіледі.
7	Аттестат (скан)	Жүктеу үшін міндетті өріс. Жүйеге орта білім туралы аттестаттың скан-көшірмесін жүктеу қажет.
8	Аттестат қосымшасы (скан)	Жүктеу үшін қосымша өріс. Жүйеге орта білім туралы аттестатқа қосымшаның скан-көшірмесін жүктеу қажет.

2.1 қадам. Колледжді бітірген талапкерлерге арналған «Диплом бойынша деректер» бөлімін келесі мәліметтерді енгізу арқылы толтыру:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Біліктілігі	Таңдау үшін қосымша өріс. Егер сіз колледжді бітірген болсаңыз, онда сіз жүйе ұсынған тізімнен біліктілігіңізді таңдауыңыз керек, ал егер Сіздің біліктілігіңіз болмаса, әдеттегі «басқа» мәнін қалдыруыңыз керек.
2	Біліктілік комиссиясы шешімінің күні (колледж)	Толтыру үшін қосымша жол. Колледж дипломында көрсетілген біліктілікті беру туралы біліктілік комиссиясының шешім шығару күнін енгізу қажет.
3	Диплом сериясы	Толтыру үшін міндетті өріс. Колледж дипломында көрсетілген диплом сериясын енгізу қажет.
4	Диплом нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Колледж дипломында көрсетілген диплом нөмірін енгізу қажет.
5	Дипломның берілген күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Колледж дипломында көрсетілген дипломның берілген күнін енгізу қажет.
6	Дипломның орташа балы	Толтыру үшін міндетті өріс. Колледж дипломында көрсетілген дипломның орташа балы көрсетіледі.
7	Қызыл диплом	Егер сіз қызыл диплом иегері болсаңыз.
8	Диплом (скан)	Орындау үшін міндетті элемент. Сіз бітіргеніңізге байланысты колледж немесе

		университет дипломының скан-көшірмесін жүктеп алуыңыз керек.
9	Диплом қосымшасы (скан)	Орындау үшін міндетті элемент. Колледж дипломы қосымшасының скан-көшірмесін жүктеу қажет.
10	Эссе	Орындау үшін қосымша элемент. Оқуға түсу үшін эсседен құжатты жүктеу қажет.

3 қадам. Келесі мәліметтерді енгізу арқылы мектепті бітірген талапкерлерге арналған «ҰБТ сертификаты бойынша мәліметтер» бөлімін толтыру:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Атауы	Таңдау үшін міндетті өріс. Сіз өткен Білімді тексеру әдісін таңдауыңыз керек
2.1	ҰБТ сертификатының берілу күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ сертификатын беру күнін енгізу қажет.
2.1.1	Сертификат сериясы	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ сертификатының сериясын көрсету қажет.
2.1.2	Тестіленушінің жеке коды	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ сертификатынан тестіленушінің жеке кодын көрсету қажет
2.1.3	Сертификат нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ сертификатының нөмірін көрсету қажет.
2.1.4	ҰБТ тапсыру тілі	Таңдау үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ тапсыру тілін көрсету қажет.
2.1.5	Сертификаттың жарамдылық мерзімі	Толтыру үшін қосымша жол. Егер сіз ҚР түлегі болсаңыз, ҰБТ сертификатының жарамдылық мерзімін көрсету қажет.
2.1.6	Міндетті пәндер	Жүйе ҰБТ-да тапсырған міндетті пәндердің тізімін көрсетеді. ҰБТ-ға тапсырған әр пәннің жанында балл санын таңдауға арналған алаңдар бар. Сіз ҰБТ-да жинаған әр пән бойынша балл санын көрсетуіңіз керек.
2.1.7	Бейіндік пәндер	Толтыру үшін міндетті өріс. Пәндер тізімінен сіз

		ҰБТ-ға тапсырған бейіндік пәндерді таңдап, ҰБТ тапсыру нәтижесінде алынған таңдаған бейіндік пәндер бойынша балл санын көрсету қажет.
2.1.8	Шығармашылық емтихан	Жүйе бұл өрісті автоматты түрде белгішемен белгілейді, өйткені сіз шығармашылық емтихандарды тапсыруға өтініш бересіз.
2.1.8.1	ЖОО	Бұл өріс жүйемен бұғатталған. Жүйе сіз оқуға түсетін университеттің атауын көрсетеді.
2.1.8.2	Білім беру бағдарламалары	Тізімде жүйе шығармашылық емтихан тапсыру көзделген білім беру бағдарламаларының топтарын көрсетеді. Сіз барғыңыз келетін ББТ таңдауыңыз керек. Әрі қарай, сіз таңдаған ББТ-на сәйкес жүйе ұсынған тізімнен шығармашылық емтихандардың 2 түрін таңдауыңыз керек.
2.1.9	ҰБТ нәтижелері бойынша баллдар қосындысы:	Жүйе ҰБТ сертификаты бойынша көрсетілген баллдарға сәйкес балл қосындысын автоматты түрде есептейді.
2.1.10	ҰБТ нәтижелері бойынша баллдар қосындысы (білім беру бағдарламаларының шығармашылық топтары үшін):	Бұл тармақ шығармашылық емтихандар нәтижелерінің қорытындысы бойынша есептеледі.
2.1.11	ҰБТ сертификаты (скан)	Орындауға міндетті тармақ. ҰБТ сертификатының скан-көшірмесін жүктеу қажет.
2.2	Хаттама нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. Егер сіз оқу мекемесін ҚР тыс жерде бітірген болсаңыз және сізбен ЖОО-ға түсу кезінде әңгімелесу өткізілген болса, әңгімелесу өткізу жөніндегі хаттаманың нөмірін толтыру қажет.
2.2.1	Хаттама күні	Толтыру үшін қосымша жол. Егер сіз оқу мекемесін ҚР тыс бітірген болсаңыз, жоғары оқу орнына түсу үшін әңгімелесу өткізу хаттамасының күнін көрсету қажет.
2.2.2	Әңгімелесу нәтижелері бойынша бағалау	Толтыру үшін қосымша жол. Егер сіз ҚР тыс оқу мекемесін бітірген болсаңыз, жоғары оқу

		орнына түсу үшін әңгімелесу кезінде сізге қойылған бағаны енгізу қажет.
2.2.3	Хаттама көшірмесі (скан)	Орындау үшін міндетті емес тармақ. Егер сізоку мекемесін ҚР тыс бітірген болсаңыз, ЖОО-ға түсу үшін әңгімелесу өткізу хаттамасының скан-көшірмесін жүктеу қажет.

3.1 қадам. Колледжді бітірген талапкерлерге арналған «ҰБТ сертификаты бойынша мәліметтер» бөлімін келесі деректерді енгізу арқылы толтыру:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Атауы	Таңдау үшін міндетті өріс. Егер сіз ҚР аумағындағы колледж түлегі болсаңыз, "ҰБТ" білімін тексеру тәсілін және егер сіз ҚР тыс колледж түлегі болсаңыз, «әңгімелесу» әдісін таңдау қажет
2.1	ҰБТ сертификатының берілу күні	Толтыру үшін міндетті өріс. ҰБТ сертификаты берілген күнін енгізу қажет
2.1.1	Сертификат сериясы	Толтыру үшін міндетті өріс. ҰБТ сертификатының сериясын көрсету қажет
2.1.2	Тестіленушінің жеке коды	Толтыру үшін міндетті өріс. ҰБТ сертификатынан тестіленушінің жеке кодын көрсету қажет
2.1.3	Сертификат нөмірі	Толтыру үшін міндетті өріс. ҰБТ сертификатының нөмірін көрсету қажет
2.1.4	Тапсыру тілі	Таңдау үшін міндетті өріс. ҰБТ тапсыру тілін көрсету қажет
2.1.5	Сертификат мерзімі	Толтыру үшін қосымша жол. ҰБТ сертификатының жарамдылық мерзімін көрсету қажет
2.1.6	Бейін бойынша	Жүйе әдепкі бойынша осы өрісті белгішемен белгілейді. Егер сіз өзіңіздің профилиңіз бойынша мамандыққа түскіңіз келсе, онда белгішені сол күйінде қалдырып, деректерді одан әрі толтыруға кірісуіңіз керек
2.1.6.1	Жалпы бейіндік пәндер	Сізге ҰБТ-ға тапсыратын 2 жалпы бейінді пәнді

		таңдау қажет. Әр тақырыптың жанында ұпай санын таңдауға арналған өрістер бар.
2.1.6.2	Бейіндік пәндер	Сіз ҰБТ-ға тапсыратын 2 профильді пәнді таңдауыңыз керек. Әр тақырыптың жанында ұпай санын таңдауға арналған өрістер бар.
2.1.7	(Бейін бойынша емес)	Егер ЖОО-на басқа мамандық бойынша түскіңіз келсе, «Бейін бойынша» жолағынан белгішені алып тастайсыз
2.1.7.1	Міндетті пәндер	Жүйе ҰБТ-да өңдеуге болмайтын міндетті элементтердің тізімін көрсетеді. ҰБТ-да оқитын әр пәннің жанында ұпай санын таңдауға арналған өрістер бар.
2.1.7	Бейіндік пәндер	Толтыру үшін міндетті өріс. Пәндер тізімінен ҰБТ-ға тапсыратын бейінді заттарды таңдау қажет.
2.1.8	Шығармашылық емтихан	Жүйе бұл өрісті автоматты түрде белгішемен белгілейді, өйткені сіз шығармашылық емтихандарды тапсыруға өтініш бересіз.
2.1.8.1	ЖОО	Бұл өріс жүйемен бұғатталған. Жүйе сіз оқуға түсетін университеттің атауын көрсетеді
2.1.8.2	Білім беру бағдарламалар тобы	Тізімде жүйе шығармашылық емтихан тапсыру көзделген білім беру бағдарламаларының топтарын көрсетеді. Сіз барғыңыз келетін ББТ таңдауыңыз керек. Әрі қарай, сіз таңдаған ББТ-на сәйкес жүйе ұсынған тізімнен шығармашылық емтихандардың 2 түрін таңдауыңыз керек.
2.1.9	ҰБТ нәтижелері бойынша баллдар қосындысы:	Толтыру үшін міндетті өріс.
2.1.10	ҰБТ нәтижелері бойынша баллдар қосындысы (білім беру бағдарламаларының шығармашылық топтары үшін):	Бұл тармақ шығармашылық емтихандар нәтижелерінің қорытындысы бойынша есептеледі
2.1.11	ҰБТ сертификаты(скан)	Орындау үшін міндетті емес тармақ
2.2	Хаттама нөмірі	Шетелдік талапкерлер үшін әңгімелесу шығармашылық емтихан тапсырғаннан кейін өткізілетіндіктен, толтыру үшін міндетті емес

		алаң.
2.2.1	Хаттама күні	Толтыру үшін қосымша өріс, өйткені шетелдік талапкерлермен сұхбаттасу шығармашылық емтиханнан кейін өткізіледі.
2.2.2	Әңгімелесу нәтижелері бойынша бағалау	Толтыру үшін қосымша өріс, өйткені шетелдік талапкерлермен сұхбаттасу шығармашылық емтиханнан кейін өткізіледі.
2.2.3	Хаттама көшірмесі (скан)	Орындау үшін міндетті емес тармақ. Толтыру үшін қосымша өріс, өйткені шетелдік талапкерлермен сұхбаттасу шығармашылық емтиханнан кейін өткізіледі. Әңгімелесу хаттамасының Скан-көшірмесін қабылдау комиссиясының қызметкері кейінірек жүктейді

4 қадам. Талапкер қабылдау комиссиясының қызметкерлерін хабардар ету үшін қажет деп санайтын өзі туралы қосымша ақпаратты толтыру (міндетті емес жол). Жеке жетістіктер туралы мәліметтерді толтыру.

3.1.5. Жеке жетістіктер туралы мәліметтерді толтыру

«Жеке жетістіктер» бетінде толтыруға арналған бірнеше бөлім бар (Сурет 10 **Ошибка!** **Источник ссылки не найден.**):

- Жарыстарға, конкурстарға және олимпиадаларға қатысу
- Қызығушылығы
- Басқа жетістіктер
- Тілдерді білуі.

Сурет 10

Бұл қойындыда «Тілдерді білу» бөлімінен басқа барлық бөлімдер толтыру үшін міндетті емес. Егер талапкер қандай да бір жарыстардың жеңімпазы болса, оған «Жарыстарға, конкурстарға және олимпиадаларға қатысу» бөлімінде өзі жеңімпаз болған жарыстың түрін белгілеу қажет. Жарыс

бойынша деректерді қосу үшін «Қосу» батырмасын басу қажет(Сурет 12).

Сурет 12

Сурет 13

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Іс-шараның түрі	Толтыру үшін міндетті өріс. Талапкер қатысқан іс-шараның атауы көрсетіледі.
2	Бағыттың түрі	Толтыру үшін міндетті өріс. Қажетті бағытты таңдау.
3	Іс-шараның дәрежесі	Толтыру үшін міндетті өріс. Іс-шараның тиісті деңгейін көрсету.
4	Іс-шараның атауы	Толтыру үшін міндетті өріс
5	Құжаттың атауы	Іс-шара нәтижелері бойынша берілген құжатты

		көрсету (диплом, сертификат, алғыс хат және т.б.).
6	Марапат	Толтыру үшін міндетті өріс. Марапаттың тиісті түрін таңдаңыз.
7	Нәтижелердің шыққан күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Құжатта көрсетілген күнді таңдау қажет.
8	Растайтын құжаттың скан-көшірмесі	Орындауға міндетті тармақ. Іс-шараға қатысқанын растайтын құжаттың скан-көшірмесін жүктеу қажет.

Егер талапкер қандай да бір жарыстың жеңімпазы болса, оған «Ғылыми жетістіктер» бөлімінде өзі жеңімпаз болған жарыстың түрін белгілеу қажет.

Егер талапкер қандай да бір спорт түрімен айналысса, оған «Қызығушылығы» бөлімінде қажетті тармақты белгілеу қажет.

Егер талапкердің басқа жетістіктері болса, оған «Басқа жетістіктер» бөлімінде келесі деректерді енгізу арқылы жолдарды толтыру қажет:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Іс-шара	Толтыру үшін міндетті өріс. Талапкер қатысқан іс-шараның атауы көрсетіледі.
2	Құжаттың атауы	Толтыру үшін міндетті өріс. Іс-шара нәтижелері бойынша берілген құжатты көрсету.
3	Құжаттың берілген күні	Толтыру үшін міндетті өріс. Құжатта көрсетілген күнді таңдау керек.
4	Растайтын құжаттың скан-көшірмесі	Орындауға міндетті тармақ. Іс-шараға қатысқанын растайтын құжаттың скан-көшірмесін жүктеу қажет.

Деректерді толтырғаннан кейін «Қосу» түймесін басу керек. Келесі деректерді енгізу арқылы «Тілдерді білу» бөлімін толтырыңыз:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Қандай шет тілін оқыған	Таңдау үшін қосымша өріс. Сіз оқу орнында оқыған 1 шет тілін таңдауыңыз керек
2	Шет тілін білу деңгейін көрсету	Таңдау үшін міндетті өріс. Шет тілін білу деңгейін бағалау және тиісті мәнді таңдау қажет
3	Қазақ тілін білу деңгейін көрсету языка	Таңдау үшін міндетті өріс. Қазақ тілін меңгеру деңгейіңізді бағалап, тиісті түрін таңдауыңыз қажет


3.1.6 Еңбек қызметі туралы мәліметтерді толтыру

Еңбек қызметі туралы мәліметтерді колледжді бітірген талапкерлер ғана "еңбек қызметі" бөліміне мынадай деректерді енгізу арқылы толтырады:

№	Жолдың атауы	Түсіндірме
1	Ұйымның атауы (кәсіпорындар)	Толтыру үшін қосымша жол. Талапкердің еңбек өтілі бар кәсіпорынның атауын көрсету қажет.
2	Ұйымның орналасқан жері (кәсіпорындар)	Толтыру үшін қосымша жол. Талапкердің еңбек өтілі бар кәсіпорынның мекен-жайын көрсету қажет.
3	Қызметі	Толтыру үшін қосымша жол. Талапкердің қызметін көрсету қажет.
4	Растайтын құжат	Таңдау үшін міндетті өріс. Жүйе ұсынған тізімнен еңбек өтілін растайтын құжат түрін таңдау қажет.
5	Еңбек өтілін растайтын құжаттың сканы	Орындау үшін міндетті өріс. Еңбек өтілін растайтын құжаттың скан-көшірмесін жүктеу қажет.


3.1.7 Жеңілдіктер бойынша мәліметтерді толтыру

1 қадам. Егер жеңілдіктер бар болса, «Қосу» батырмасын басу арқылы артықшылықтарды қосу (14-сурет).



Сурет 14

Жүйедегі жеңілдіктердің арасынан қажетті таңдау (Сурет 15).



Сурет 15

2 қадам. Тізімнен жеңілдіктер түрін тандап, растайтын құжатты жүктеу керек.

3 қадам. «Сақтау» батырмасын басу.

Әр қойындының **барлық міндетті өрістерін толтырғаннан кейін**, кез-келген қойындыдағы "өтініш беру" түймесін басып, қабылдау комиссиясы қызметкерлерінің қарауына өтініш жіберу керек. Бұдан әрі, жүйе келесі ақпараттық хабарламаны көрсетеді: "өтініш сәтті берілді", бұл өтініш міндетті өрістердің толтырылуын тексеруден сәтті өткенін және қабылдау комиссиясы қызметкерлерінің қарауына жіберілгенін көрсетеді.